

Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қайыңдысай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау қортындысында көрсетілген кемшіліктер бойынша бұзушылықтарды жою жөніндегі атқарылған іс-шаралар туралы

АНЫҚТАМА

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде» Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қайыңдысай негізгі мектебі» КММ-де 2023 жылдың «12-15» қыркүйек аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізілді. Аттестаттау қорытындысы негізінде кемшіліктер анықталып, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 100 хаттамасының шешіміне сәйкес кемшіліктерді 2024 жылғы 15 наурызға дейін жою шаралар жоспарын құрып, сол жоспар бойынша жұмыстанды.

1. Білім беру қызметін қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 2- тармақшасының талаптарына сәйкестендіру:

- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырып, 4 қосымшаға сәйкес шағын орталық бойынша жабдық пен жиһаздар мәліметін толық ұсындық (4- қосымша көшірмесі салынды)
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету, 5-- қосымшаға сәйкес шағын орталық бойынша оқу-әдістемелік кешендермен қамтылу мәліметін ұсындық (5- қосымша көшірмесі салынды)

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша 2 тарауы 6 тармағының «Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады» талабына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды(жеке даму карталарының көшірмелері салынды)

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) құжаттары ұсынылды (даму мониторингілерінің бастапқы көшірмелері салынды)

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 2 тарауы 20 тармағына сәйкес тәрбиеленушілердің 2022-2023 оқу жылындағы даму мониторингісінің (қорытынды) құжаттары ұсынылды. 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбы болған жоқ.(көшірмелері салынды)

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 25 талабын орындау, жас топтарының балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып талапқа сәйкес жасақтау, тәрбиеленушілердің тізімін әдістемелік ұсынымның 3 қосымшасына сәйкес ұсынылды.(3-қосымша көшірмесі салынды)

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сынып болған жоқ, шағын орталықта 16 тәрбиеленуші болды:

Кіші топ-7

Ортаңғы топ-2

Ересек топ-7

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта 15 тәрбиеленуші:

Кіші топ--7

Ортаңғы топ-7

Ересек топ-1

Мектепалды даярлық сыныпта -7

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 26 талабын орындау, тәрбиеленушілердің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптардың сақталуын қамтамасыз етілді.

7. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 Бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» 2 тарауының 8 тармағы бойынша ата-аналармен, педагогтермен, мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдері) онлайн сауалнама жүргізілді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:

1.«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығының(бұдан әрі- бұйрық) 1 тарауының 2 тармағы мен 2 тарауының 9 тармағы талабына сәйкестендірілді, 2-4 кластарда цифрлық сауаттылық пәнін Дуйсенова Муслима Бағытжановна жүргізеді. Диплом бойынша мамандығы «Бастауыш сыныпта оқыту және Бастауыш мектепте информатиканы оқыту». (диплом көшірмесі жолданды), 5-9 сыныптарға информатика пәнінен Наурызова Акбаян Куанышкалиевна сабақ береді. Диплом бойынша мамандығы «Информатика» . (диплом көшірмесі жолданды) 2023-2024 оқу жылынан бастап орыс сыныптары жоқ.

Бұйрықтың 1 тарауының 6 тармағы мен 2 тарауының 13 тармағы талабы орындалды, бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінде білім беру ұйымы ауыз су бұрқақтарымен қамтамасыз етілді және негізгі орта білім беру деңгейінде физика пәні бойынша оқу-зертханалық жабдықтарымен қамтамасыз етілді;

Бұйрықтың 6-1, 13-1 тармақтары бойынша талапқа сәйкес келтірілді, 2 педагог біліктілік арттыру курсынан өтті. : Куанышев Мирам Куанышұлы 14.08-25.08-2023 жыл аралығында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқуды аяқтады.

Дюзелбаева Гулжихан Утаралиевна 04.09-15.09.2023 жылдың «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқуды аяқтады (көшірмелері қосымша жолданды).

2. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 4-тарау 40, 42, 44 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарау 57, 59, 60 тармағына сәйкес келтірілді, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2 тарау, 9 тармағы талапқа сай орындалды, 2023-2024 оқу жылында электронды журналда пән мұғалімдерінің БЖБ балдарын талапқа сәйкес қойылуы қаматамасыз етілді. (BilimClass журналы)

3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы 2 тарау 4 тармақтың 9) тармақшасына сәйкес келтірілді, 4 класс оқушылары 06.03.2024ж талапқа сәйкес тесттен оң баға алды. (ведомость көшірмесі салынды)

Мектеп директоры:  Биллыбаев Б. К.